

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қызметін ұйымдастыру тәртібі ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 744 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 19 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3162. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 04 шілдедегі № 258 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 04.07.2013 № 258 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (бұдан әрі - ПМПК) қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Орта білім департаменті (С.Б.Еспосынова) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеу күнінен бастап өз күшіне енеді.

4. Облыстық, Астана, Алматы қалаларының білім басқармалары (департаменттері) аталған бұйрықты білім беру ұйымдарының барлық аудандық, қалалық бөлімдеріне жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Н.Шәмшидиноваға жүктелсін.

Министр

"Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қызметін ұйымдастыру тәртібі ережесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2004 жылғы 14 қыркүйектегі

N 744 бұйрығына қосымша

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ереже 1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қызметін ұйымдастыру тәртібін белгілейді, даму проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру арқылы халыққа көмек көрсетеді, оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін шешу, кемтар балаларға әлеуметтік және психологиялық-медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету құқығын белгілеу үшін құрылады.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (бұдан әрі - ПМПК) - арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің бірі болып табылады және 18 жасқа дейінгі 60 мың балаға бір консультация облыстық, Астана және Алматы қалаларының әкімінің шешімімен ашылады.

2. ПМПК-ның ашылуы, қайта ұйымдастырылуы, таратылуы, материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуі Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен анықталады. Республикалық ПМПК қызметіне бақылауды білім беру саласындағы орталық атқарушы орган, ал облыстық, ауданаралық және қалалық білім басқармалары (департаменттері) жүзеге асырады. Облыстық, қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға Республикалық ПМПК әдістемелік көмек көрсетеді.

3. ПМПК заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі, консультацияның атауы жазылған мөртаңбасы және белгіленген үлгіленген үлгідегі маңдайша жазуы бар.

2. Негізгі міндеттері

4. ПМПК-ның негізгі міндеттері:

1) туғаннан 18-ге дейінгі балалар мен жасөспірімдердің даму ерекшеліктерін анықтау, диагнозын белгілеу және оларды емдеу, оқыту мен тәрбиелеудің лайықты жағдайларын анықтау мақсатында психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру;

2) баланың арнайы қажеттіліктерін анықтау және оның медициналық, арнайы білім, арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуге берілген құқығын белгілеу;

3) баланың жай-күйінің өзгеруіне байланысты оған бұрын қойылған диагнозды және арнайы қызмет көрсетуге берілген құқығын қажет болған жағдайда растау, нақтылау және өзгерту;

4) қажеттілігіне қарай балалар мен жасөспірімдерді мұқият тексеру, емдеу және динамикалық бақылау жасап отыру үшін оларды ғылыми-зерттеу, диагностикалық орталықтар мен профилактикалық-емдеу мекемелеріне жіберу;

5) балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық және әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсынымдар әзірлеу, кемтар баланы оналтудың жеке бағдарламаларын жасау және оларды арнайы білім беру ұйымдарында емдеуді, тәрбиелеуді, оқытуды ұйымдастыру;

6) дамуында әр түрлі ауытқушылықтары бар: мектепте үлгермейтін, тәртібі, эмоциялық-ерік аясыбұзылған, басқалармен қарым-қатынасы қиындық көретін, оның ішінде арнайы түзеу ұйымдарына жіберуге жатпайтын балаларды емдеу, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша олардың ата-аналарына (не оларды алмастырушыларға), педагогтарға, дәрігерлерге консультациялық көмек көрсету;

7) дамуында әр түрлі ауытқушылықтары бар және мамандандырылған жәрдемді қажет ететін балаларды, оның ішінде ерте сәби жастағы балаларды дер кезінде анықтау мәселелері бойынша білім, әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау басқару органдарымен, қоғамдық ұйымдармен бірлесе жұмыс істеу;

8) кемтар балаларды білім, әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау басқару органдарымен бірлесіп, олардың медициналық арнайы білім мен әлеуметтік қызмет көрсету қажеттіліктерін есепке алу және есеп жүргізу. Білім беру, әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау басқару органдарына кемтар балаларға арналған арнайы түзеу мекемелер желісін дамыту жөнінде ұсыныстар енгізу;

9) кемтар балалардың физиологиялық психологиясы жай-күйінің ерекшеліктері туралы халық арасында білім беру, әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау қызметкерлерінің түсіндіру жұмыстары;

10) тәрбиелеу және оқыту процесінде балалар мен жасөспірімдердің даму динамикасын зерделеуде арнайы түзеу ұйымдарының педагогтарына әдістемелік басшылық жасау және көмек көрсету;

11) кемтар балаларға арналған арнайы түзеу ұйымдарының желісін дамыту жөнінде білім беру басқармаларының ұсыныстар енгізуі болып табылады.

5. ПМПК өз жұмысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым, Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

3. ПМПК-да балаларды қабылдау және тексеру тәртібі

6. Балалар мен жасөспірімдерді консультацияға жіберу білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарының, қоғамдық ұйымдарының бастамасы,

сондай-ақ ата-аналардың (не оларды алмастырушылардың) мынадай құжаттарды көрсетуі бойынша жүзеге асырылады:

тууы туралы куәлік;

маман-дәрігерлердің қорытындылары мен тексеру нәтижелері қоса көрсетілген баланың даму тарихынан толық көшірме;

мектепке дейінгі білім мекемелері мен жалпы білім беретін мектептердің және өзге де ұйымдардың баланың осы ұйымдарда болған уақытын, оның дамуына талдауды, эмоциялық аясы мен мінез-құлқын, сондай-ақ дамуы мен үлгерімін арттыруды жақсарту мақсатында жүргізілген іс-шараларды (жеке көмек, емдеу) қамтып көрсеткен педагогикалық мінездеме;

баланың ана тілі, математика, сурет бойынша жазба жұмыстары мен басқа да қызметінің жемісі.

7. Ата-аналардың (не оларды алмастырушылардың) ықыласы бойынша консультацияға келген балалар мен жасөспірімдерді тексеру құжаттарсыз да жүргізіледі.

8. ПМПК-ға балаларды қабылдау тек ата-аналарының (не оларды алмастырушылардың) еріп келуімен жүзеге асырылады. Ал өз ықыласы бойынша келген 14 жастан асқан жасөспірімдерді ата-аналарынсыз қабылдауға болады.

9. Толық бірінші тексеруге барлық тексерулер (неврологиялық, психиатриялық, психологиялық-педагогикалық, логопедтік) кіреді, сондай-ақ анамнез жинау, тексеру нәтижелерін картаға жазу мен тұжырымды ресімдеу, бұл ретте оның ұзақтығы бір сағаттан аспауы қажет, ал бала тез шаршайтын кезде ол 20-30 минуттан аспауы қажет.

Толық бірінші тексеру оның барысында барынша толық анамнез жинау, баланың жағдайын ПМПК-ның барлық мамандарының бағалауы жүргізілетін болып саналады және нәтижесінде кеңейтілген диагноз қойылады немесе психологиялық-медициналық-педагогикалық тұжырым жасалады. Бірінші тексеру диагноз қою мақсатында 1-4 қабылдау барысында жүргізілетін болады.

10. Қайта тексеру ПМПК-ның жалпы тұжырымын нақтылау немесе өзгерту мақсатында жүргізіледі, ең алдымен, жеке кемістігінің деңгейін нақтылау қажеттігі жағдайында ол диагностикалық оқу-түзеу сабақтарынан (диагностикалық сыныптар (топтар), білім беру ұйымдарындағы сынама оқыту) кейін жүргізіледі.

11. Қосымша тексеру диагнозды нақтылау үшін және толық медициналық және психологиялық-педагогикалық ұсынымдар үшін негіз болатын баланың жағдайы туралы қосымша мәліметтер алу үшін жүргізіледі.

12. Тексеру кезінде мәліметтер баланың даму картасына түсіріледі. ПМПК-да баланың жеке тексеруден өткен мәліметтері негізінде оның дамуындағы ауытқушылықтың сипаты туралы барлық мамандардың ортақ қорытындысы

жасалынады. Оның физиологиялық психологиясының мүмкіндіктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балаға коррекциялық тәрбие беру мен оқытуды ұйымдастырудың тұрпаты мен нысаны алқалық шешім қабылданады. Қажетті медициналық, білім беру және әлеуметтік қызмет көрсетуді қарастыратын жеке оңалту бағдарламасы жасалады, қажетіне қарай жасөспірімдерге кәсіптік бағдар беру мен жұмысқа орналасу, әлеуметтік және еңбекпен бейімделу жөнінде ұсынымдар беріледі.

13. Ата-аналар облыстық (қалалық, аудандық) ПМПК-ның тұжырымымен келіспеген жағдайда, олар республикалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясына жүктенуіне болады.

14. Тексеруден өткен балалар мен жасөспірімдердің тізімі олардың білім алу, медициналық және әлеуметтік қызмет көрсету қажеттіліктерін және консультацияның ұсынымдарын көрсете отырып, оларға қажетті көмек, көрсету үшін тиісті білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және т.б. ұйымдарға жіберіледі. Ата-аналардың қолына тиісті ұсынымдар көрсетілген қорытынды беріледі.

15. Оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудың нысаны және мекеменің түрі мен тұрпаты туралы консультацияның қорытындысы ұсынымдық сипатта болады, ата-аналарының (не олардың алмастырушыларының) және өзге де заңды өкілдердің келісімімен балалар мен жасөспірімдерді арнайы түзеу және басқа да білім беру ұйымдарына орналастыру үшін негіз бола алады. ПМПК ұсынатын білім беру ұйымының түрі мен тұрпаты туралы қорытынды ұйғарымы білім басқармаларына (департаменттеріне) жіберіледі.

4. ПМПК жұмыстарының мазмұны және оны ұйымдастыру

16. ПМПК 150 шаршы метрден кем болмайтын жеке үй-жайда ашылуы керек, тексерудің барлық түрлерін өткізу үшін медициналық құрал-жабдықтар, әдістемелік және диагностикалық материалдар, тиісті жиһаз, кілемдер, компьютерлік техника, автокөлік болуы керек.

17. ПМПК бекітілген кесте тікелей консультацияның өз үй-жайында жұмыс істейді. Консультация мамандары балаларды тұрғылықты жері бойынша тексеру үшін аудандарға да шығып тұрады.

18. Әрбір ПМПК штаттарына міндетті түрде мынадай мамандар кіреді: дәрігер-психиатр, дәрігер-невропатолог, дәрігер-сурдолог, дәрігер-офтальмолог, педагог-психолог, мұғалім-логопед, дефектологтар (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог), әлеуметтік педагог, медициналық статист, бухгалтер, санитарка.

Медициналық және өзге де бейіндегі басқа мамандар жұмысқа еңбек саласындағы заңнамалық актілерге сәйкес тартылады.

19. ПМПК жұмысының негізгі мазмұны:

- 1) балада бар патологияның медициналық диагнозын анықтау мақсатында баланы кешендік медициналық-психологиялық-педагогикалық тексеру;
- 2) сырқатының ерекшеліктері мен оған қатысты патологиялық өзгерістерді анықтау ;
- 3) айқындалған ерекшеліктері мен ақыл-ой сөйлеу кемістіктеріне негізделген даму ауытқушылығының психологиялық-педагогикалық диагнозын қою;
- 4) білімдерінің, бөктерінің, дағдыларының жасына, оқу сатысына сәйкестігін анықтау, оқыту мен тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасау;
- 5) баланың даму проблемалары бойынша ата-аналарға кеңес беру болып табылады.

20. ПМПК БҰҰ Бас Ассамблеясының бала құқығы туралы конвенциясында және "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен басқа да нормативтік-құқықтық актілерде көрсетілген балалар мен олардың ата-аналарына деген ізгілікті қарым-қатынас принциптерін басшылыққа ала отырып, баланы кешенді тексеруді жүзеге асырады. Кемтар балаларға жан-жақты көмек көрсету мәселелері бойынша білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, ішкі істер ұйымдарымен, сондай-ақ ұйымдармен тығыз байланысты жұмыс істейді.

21. Балаларды мұқият зерттеу және соңғы диагнозын қою үшін ПМПК-да түзеу-диагностикалық сыныптары (топтары) ашылады.

5. ПМПК-ны басқару

22. ПМПК-ға облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармалары (департаменттері) тағайындаған консультация меңгерушісі тікелей басшылық етеді тағайындайды, ал Республикалық ПМПК меңгерушісін - білім саласындағы орталық атқарушы орган.

23. ПМПК-ның барлық мамандары (дәрігерлер, педагогтар, психологтар) үшін жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 24 сағатқа белгіленеді. Меңгерушілер мен медициналық статистиктер үшін аптасына - 30 сағат.

ПМПК-ның психологиялық-педагогикалық құрамының еңбек демалысының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес.

24. ПМПК мамандарының еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Дамуында және оқуында мүмкіншіліктері шектеулі балалармен жұмыс үшін ПМПК-ның мамандары базалық лауазымдық айлықақыдан 30% мөлшерінде қосымша ақы алады.

25. ПМПК-ның қаржы-шаруашылық қызметін бюджеттен бөлінген қаржы мөлшерінде шығыс сметасына сәйкес, сондай-ақ заң бойынша рұқсат етілген бюджеттен тыс қаржы есебінен іске асырып отырады.

6. ПМПК-ның құжаттамаларын сақтау және беру тәртібі

26. ПМПК-да мынадай құжаттар жүргізіледі: консультацияға алдын ала жазылу журналы, тексеруден өткен балаларды есепке алу журналы, барлық мамандардың тексеру барысы мен нәтижелері жазылатын баланың даму картасы, ПМПК-ның ұсынымдары мен қорытындылары қоса көрсетілген картаның көшірмесі.

27. ПМПК-ның мамандары тексерудің барлық түрлерінің нәтижелерінде көрсетілетін баланың даму картасын (анаменестикалық мәліметтер, неврологиялық, психиатриялық және басқа медициналық тексерулердің басқа да түрлері, параклиникалық зерттеулер, психологиялық, педагогикалық логопедтік) толтырады және ПМПК-ның жалпы тұжырымын шығарады. Мамандар толтырған баланың даму картасы шығарылған психологиялық-педагогикалық консультацияның тұжырымының негіздемесі болып табылады.

Әрбір баланың даму картасын жүргізуі және оларды 5 жыл бойы сақтауы, одан кейін мұрағатқа өткізуі қажет.

28. Тұжырым (даму картасының көшірмесі) ата-аналарының немесе оларды ауыстыратын тұлғаға беріледі. Тұжырымда немесе көшірмеде даму картасынан алынып

мыналар көрсетіледі:

- 1) баланың интеллект жағдайы,
- 2) кеңейтілген неврологиялық диагноз;
- 3) психиатриялық диагноз: баланың психикалық ауруы және бұзылыстары бар болғанда қажет болған жағдайда тиісті МКБ 10-мен белгіленеді;
- 4) сөйлеу бұзылыстары болған жағдайда - логопедтің тұжырымы;
- 5) қосарлана жүретін аурулар мен синдромдар (органдар мен жүйелердің созылмалы аурулары, нерв жүйесінің тұқым қуалайтын-дегенеративтік аурулары, сондай-ақ патопсихологиялық, нейропсихологиялық синдромдар, мектепке бейінделмеу).

29. Қажет болған жағдайда ата-аналарға (оларды ауыстыратын тұлғалар), сондай-ақ оның ішінде педагогтарға тәрбиешілерге, дәрігерлерге балалар мен жасөспірімдерді емдеу, оқыту және тәрбиелеу жөнінде толық ұсынымдар беріледі.

30. Ата-аналарға (оларды ауыстыратын тұлғалар) баланың даму картасы мен ұсынымдардан толық түрдегі көшірмесі берілуі мүмкін, оның ішінде бала интеллектісі мен сөйлеу қабілетінің бұзылыстарымен ауырған жағдайда бала

баратын мекеменің мамандары баланың оқуы мен тәрбиесі жөнінде жазбаша түрде егжей-тегжейлі тұжырымдама мен ұсынымдарға мұқтаж болады.

Баланың жағдайы психикалық бұзылыстар ретінде сараланған жағдайда оның қатарына МКБ бойынша психоз, психопатия, невротикалық реакция, жағдайы мен дамуы, тұлғаның патохарактерологиялық қалыптасуы, ПМПК-ның кеңейтілген тұжырымы тергеу органдарының, психикалық денсаулық орталығы, психиатриялық аурухана мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым, Денсаулық сақтау, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрліктерінің сауалы бойынша ғана беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК